

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«КАНЫШ СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
ИМЕНИ КАНЫША САТПАЕВА»
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
САТПАЕВА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ОБЛАСТИ УЛЫТАУ

БҰЙРЫҚ

01.09.2023

Сәтбаев қаласы

ПРИКАЗ

124

город Сатпаев

**Жалпы оқыту қорынан
ыстық тамақпен қамтамасыз
етуді ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы №490 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді енгізе отырып), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ -76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Ұлытау облыстық мәслихатының XII сессиясының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №12/84 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне және облысының білім басқармасының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №84-п «Ұлытау облысының білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қаныш Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-де:
 - 1) 2023 жылғы 9 қаңтардан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақтану құны 500 теңге болып бекітілсін.
 - 2) 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.
 - 3) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.
 - 4) Ата-аналар төлемі есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылсын.
2. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет – ресурста «Мемлекеттік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әлеуметтік педагог М.К.Абдильдинаға жүктелсін.

Басшы



А.Т.Тлемисова